

## **Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің оңалту займы бойынша берешегінің есептемесі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 29 желтоқсан N 1886

"Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік қоғамының Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің оңалту займы бойынша республикалық бюджетке пайда болған берешегін жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясының ("Құнарлылық" МАК) Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің (ХҚЖД) оңалту займы бойынша республика бюджетіне берешегіне Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне операциялық шығындарға арнап бөлінген 324 805,0 (үш жүз жиырма төрт миллион сегіз жүз бес мың) теңге қаражат есебінен есептеме жүргізсін.

"Құнарлылық" МАК республикалық бюджетке берешегін өтеуге арналған қаражат, шет ел фирмаларымен контракт жасасқан уақытқа сәйкес 1994 жылы сатылған препараттар үшін 1 доллар - 14,3 теңге бағамы бойынша ұлттық валютамен қайтарылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Құнарлылық" МАК-мен бірлесе отырып, Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің оңалту займы шегінде пайдаланылмаған қалдықтар есебінен алынған пестицид үшін берешегін толықтай өтеген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ынталандыру жөніндегі бағдарламаны әзірлеп, жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі